

Стратегиялық шолу

Директорлар кеңесі Төрағасының Алғы сөзі



Кристофер Хопкинсон,
«ҚазМұнайГаз» АҚ ҰҚ Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары,
ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің Төрағасы

Құрметті акционерлер!

2015 жыл ҚМГ БӨ үшін ауыр соқты. Мұнай бағасының елеулі ауқымда және жедел қарқынмен құлдырауы нәтижесінде Компанияның операциялық табысы жағымсыз сипат алды, ал әлеуметтік шығындар ұлғая түсті. Мұнай және газ саласындағы өзге де компаниялар секілді, біз мұнай бағасындағы төмендеу күткендегіден де ұзаққа созылуы ықтималдығын жоққа шығармаймыз.

Компания бұл мәселелерге шығын бөлігін шұғыл қысқарту негізінде жауап қайтаруға әлі де қауқарсыз, бұл арада лифтинг-шығындар 2015 жылы шығынсыз көрсеткіштер деңгейінде барреліне 70 доллар шамасында өсіп отырғанын да айта кету керек. Біздің пайымымызша, 2016 жылғы өндіріс нәтижесі де жағымсыз сипат алуы ықтимал, өйткені Компанияның операциялық қызметі шығынды жағдайда қалып отыр, сол себепті де 2016 жылы қолма-қол қаражат ауқымын елеулі деңгейде қосымша қысқарту мәселесі де ескерілген. Мұндай жағдай ұйымдастыру барысын өзгертуді талап етеді.

2015 жылы біз Компанияның өндірістік бағдарламасының тиімділігін айтарлықтай арттыра алдық және де біз ҚМГ ҰК компаниясымен тығыз ынтымақтастық қатынастың арқасында бизнесті түрлендіру және Ғылыми-зерттеу институтын құру ұсынысында едәуір жетістіктерге қол жеткіздік. Бірақ бізге әлі де көптеген шараларды жүзеге асыру керек болады.

2016–2017 жылдары шығынсыз деңгейге шығу үшін біз шығындарды қысқарту және тиімділікті арттыру барысын барынша жеделдетіп жүргізуге тиіспіз, бұл шара, өкінішке қарай, ішкі бюрократия мен қосарланушылық салдарында әлі де кідірістеп жатыр. Біз қазір 2016 жылдың айқынды 4 басымдығын белгілеп көрсеттік. Олар:

- Бэк-офистік қызметтерді орталықтандыру;
- басқарманың атқарымдық тәртіп қызметін жақсарту;
- орталықтандырылған білім, технологияларды басқару және алмасу барысын арттыру; сондай-ақ

- мұнай өндірудің заманауи жаңа тәсілдерін енгізу есебінен геологиялық-техникалық шаралардың тиімділігін арттыру.

Біз өңдеуші қуаттарды жаңарту нәтижесінен қосымша тиімділік әсерін күтеміз, бұл ішкі жеткізілімдерге арналған жаңа агенттік үлгі аясындағы және жаңа баж салығы бойынша мұнай өңдеу маржасын жақсарту дегенді білдіреді.

Осынау мақсаттар төңірегінде топтаса отырып, Директорлар кеңесі ҚМГ БӨ аясында мәдени және ұйымдастырушылық өзгерістер енгізуге айрықша мән береді, бұл тұрғыдағы өзгерістер бүгінгідей қиын кезеңді ойдағыдай еңсеру үшін өте қажет. Қазіргі таңда Директорлар кеңесі мен мажоритарлы акционер Жарғыға және Өзара қарым-қатынас жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу тұрғысында келіссөз жүргізуде, өз кезегінде, бұл Директорлар кеңесіне бақылау және қадағалау шараларын күшейтіп, шешім қабылдау тетіктері мен ұйымдастырушылық барысын біршама жеңілдетуге мүмкіндік бермек.

“2015 жылы біз Компанияның өндірістік бағдарламасының тиімділігін айтарлықтай арттыра алдық және де біз ҚМГ ҰК компаниясымен тығыз ынтымақтастық қатынастың арқасында бизнесті түрлендіру және Ғылыми-зерттеу институтын құру ұсынысында едәуір жетістіктерге қол жеткіздік. Бірақ бізге әлі де көптеген шараларды жүзеге асыру керек болады.”